

2010 - 2014 жылдарға арналған "Жасыл даму" салалық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 779 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 779 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 қаулысымен .

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық, компаниялар (келісім бойынша) "Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 қаулысымен .

4. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 қаулысымен.**

5. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 қаулысымен .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804

қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 924 қаулысымен
бекітілген

2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы

Ескерту. Бағдарламаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 қаулысымен.

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Атауы	2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы
Әзірлеуге негіздеме	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жауапты
Мақсаты	Табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру бойынша жағдай жасау
Міндеттері	«Жасыл экономиканы» дамыту; қоршаған ортаның құрамдауыштары мен денсаулыққа антропогендік әсер етуді төмендету; табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру; қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру
Іске асыру мерзімдері	2010 - 2014 жылдар

Нысаналы индикаторлар

Кешенді экологиялық рұқсаттарға
енгізілген ресурс үнемдеу
көрсеткіштері 2014 жылы 1 дананы
қ ұ р а й д ы .

Ластағыш заттардың жалпы шығарындылары
нормативтерінің белгіленген мәндерінің
көлемі 5 млн. тоннадан аспайды.

Ластаушы заттардың төгінділері
нормативтерінің белгіленген мәндерінің
көлемі 5 млн. тоннадан аспайды.

2014 жылға қарай қалдықтардың
түзілуіне қатысты оларды қайта өңдеу
үлесі 21,9 %-ды құрайды.

2014 жылға қарай 1990 жылмен
салыстырғанда парниктік газдардың
шығарындылары көлемінің асырылмауы
96 %-ды құрайды.

Шөлейттенген және жұтаң жерлер
алаңының өзгеру серпіні 2014 жылға қарай
0,05 % құрайды.

Жануарлар дүниесінің 200 түрін сақтау,
о н ы ң і ш і н д е :

- 1) ауланатын түрлері – 93;
- 2) сирек кездесетін және жойылып кету
қаупі төнген түрлер – 107.

Табиғи су айдындары мен су қоймаларына
бағалы кәсіпшілік балықтардың тіршілікке
төзімді шабақтарын шығару 2014 жылға
қарай 158,4 млн. дананы құрайды.

Орман көмкерген жерлерге ауыстырылатын
орман көмкермеген жерлердің жыл сайынғы
алқабы 2014 жылға қарай – 6,5 мың га.

Республиканың жалпы алаңына шаққанда
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың
үлесі 2014 жылға қарай 8,8 % болады.

Бақылау пункттерінің саны 2014 жылға
қ а р а й :

- 1) метеорологиялық станциялар - 287;
- 2) агрометеорологиялық бекеттер - 102;

- 3) гидрологиялық бекеттер - 303;
- 4) автоматты режимде жұмыс істейтін атмосфера ауасының жай-күйін - 48

құрайды.

Қаржыландыру көздері мен көлемі

Бағдарламаны іске асыруға жалпы сомасы 176969,98 млн. теңге қаражат бөлу

к о з д е л г е н :

оның ішінде республикалық бюджеттен

108915,25 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы - 18837,2 млн. теңге;

2011 жылы - 31926,6 млн. теңге;

2012 жылы - 25599,65 млн. теңге;

2013 жылы - 24486,05 млн. теңге;

2014 жылы - 8065,75 млн. теңге;

жергілікті бюджеттен - 47285,53 млн.

теңге, оның ішінде:

2010 жылы - 7674,1 млн. теңге;

2011 жылы - 10076,33 млн. теңге;

2012 жылы - 10268,9 млн. теңге;

2013 жылы - 9847,5** млн. теңге;

2014 жылы - 9418,7 млн. теңге;

халықаралық гранттан 327,83 млн. теңге,

о н ы ң і ш і н д е :

2010 жылы - 68,0 млн. теңге;

2011 жылы - 100,3 млн. теңге;

2012 жылы - 86,1 млн. теңге;

2013 жылы - 73,43 млн. теңге;

қарыз қаражатынан - 3187,9 млн. теңге,

о н ы ң і ш і н д е :

2010 жылы - 1010,8 млн. теңге;

2011 жылы - 1822,9* млн. теңге;

2012 жылы - 192,8 млн. теңге;

2013 жылы - 161,4 млн. теңге;

меншікті қаражаттан - 17253,5 млн.

теңге, оның ішінде:

2010 жылы - 1284,6 млн. теңге;

2012 жылы - 968,9 млн. теңге;

2013 жылы - 7500,0* млн. теңге;

2014 жылы - 7500,0* млн. теңге.

Е с к е р т п е :

* - қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады;

** - қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады

2. Кіріспе

2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын іске асыру мақсатында әрі 2008 жылдың қыркүйек - қазан айларында Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына сапары барысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау шеңберінде ә з і р л е н д і .

Қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды оңтайландыру шеңберінде осы Бағдарламаға Қазақстан Республикасының 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасының 2008 - 2010 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау» бағдарламасы, 2008 - 2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасы; Су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және оңтайлы пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту жөніндегі 2010 жылға дейінгі бағдарлама Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған б а ғ д а р л а м а біріктірілген.

Бағдарлама ресурстарды пайдалану мен экономикалық өсудің экологиялық салдары арасындағы тәуелділікті жоюды көздейтін «жасыл экономика» прогрессивті қағидатын пайдалануға бағдарланған.

Халықаралық қатынастарды, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды ғылыми қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі іс-шаралар, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің жүйелері, экологиялық білім беру, ағарту және халықты хабардар етуін арттыру мәселелері айқындалды.

Бағдарлама салааралық сипатта және парниктік газдар шығарындыларын, атмосфералық ауаның ластануын, экологиялық апат аймақтарын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, өндіріс және тұтыну қалдықтарын, су ресурстарын, көгалдандыруды және басқаларын қоса алғанда, көптеген

мәселелерді кешенді түрде шешуге ықпал ететін болады.

Бағдарламаға орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар блогы қосылды. Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі биологиялық әр алуандықты сақтау және елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

3.1. Сала жай-күйінің ағымдағы жағдайын, сондай-ақ осы саланың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау

Экологиялық проблемаларды шешу Экологиялық кодексті қабылдау, «2005 - 2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау» және «2008 - 2010 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау» бағдарламаларын, Балқаш - Алакөл бассейнін орнықты дамыту бағдарламасын, сондай-ақ басқа да бағдарламалық және нормативтік құқықтық құжаттарды іске асыру арқылы Қазақстан Республикасының 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы шеңберінде жүзеге асырылды.

Алайда, тұтастай алғанда, қоршаған орта ластануының экологиялық жүйелер мен халық денсаулығына теріс әсерін айтарлықтай төмендету әзірге қолдан к е л м е й т ұ р .

Мыналар: парниктік газдар шығарындылары, атмосфералық ауаның ластануы , су ресурстарының ластануы, өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналуы, биологиялық әр алуандықты ұтымды пайдаланбау Қазақстанда әлі де шешілмей отырған негізгі проблемалар болып қалып отыр.

Осы уақытқа дейін Қазақстанның сыртқы су ресурстарының көлемі мен сапасына тәуелділігі сақталуда, бұл елдің бірқатар су бассейндерінің тұрақтылығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Шекаралас елдермен (Қытай, Қырғыз, Өзбекстан) су-экологиялық және су-энергетикалық проблемалар реттелмеген күйінде қалып отыр.

Соңғы жылдары шектес мемлекеттер аумағынан келетін суды пайдалану: проблемасы ушығып кетті: өзен ағыны жылына 15,1 км³-ге қысқарды, бұл жылына 2-3 км³-ге дейін су ресурстарының тапшылығына әкелуде. Мұндай үрдіс кейінгі жылдары да болжануда. Суға тәуелділік мәселелері елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де, экологиялық қауіпсіздігіне де қатер төндіреді.

3.2. Күшті және әлсіз жақтарын, осы сала үшін мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау

Ескерту. 3.2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Объективті талдау жасау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ, қазіргі мүмкіндіктер мен қауіптерді нақты анықтау қажет.

Оң факторлар	Теріс факторлар
<p>Күшті жақтары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаның жай-күйі мен халық денсаулығына келеңсіз антропогендік әсерді төмендету. 2. Жануарлар әлемін сақтау және ұтымды пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту. 3. Аңшылық шаруашылығын дамыту жолымен жануарлар әлемін орнықты пайдалану. 4. Бай табиғи ресурстар. 5. Орман шаруашылығының негізгі институттары мен инфрақұрылымы сақталған. 	<p>Әлсіз жақтары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жоғары деңгейі. 2. Ластағыш заттар тастандыларының жоғары деңгейі. 3. Қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың көлемінің төмендігі. 4. Ағаш отырғызу және егу көлемінің бірнеше есе азаюы.
<p>Мүмкіндіктер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көлемін тұрақтандыру. 2. Ластағыш заттардың төгінділерін азайту. 3. Қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату көлемін арттыру. 4. Шығарындыларды едәуір және экономикалық тиімді қысқартуға қол жеткізу 5. Республиканың аумағын «тарихи» ластаулардан тазарту. 6. Басым өңірлерде биологиялық әртүрлілікті ұзақ мерзімді сақтауға және қоршаған орта жағдайының орнықтылығына кепілдік беретін қорғалатын табиғи аумақтар желісін құру 7. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлар мен киіктердің санын ұлғайту. 8. Орманды молықтыруда, олардың тұқымдық құрамын жақсартуда жаңа технологиялар енгізу 	<p>Қауіптер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Климаттың жаһандық өзгеруі салдарының ұлғаюы. 2. Табиғи ортаның трансшекаралық ластануы. 3. Жинақталған тарихи ластанулар бар аймақтарда қиын экологиялық жағдайлардың пайда болуы. 4. Өндіріс көлемінің өсуіне байланысты өнеркәсіп кәсіпорындарының авариялық дүркін шығарындылары. 5. Орман экожүйелері орнықтылығының бұзылуы. 6. Жабайы жануарлардың шектес мемлекеттерге ауып кеткен жағдайдағы ықтимал шығындар.

Қауіптердің алдын алу мақсатында парниктік газдардың шығарындыларын, атмосфера ауасы мен су ресурстарының ластануын, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының жинақталуы, экологиялық апат аймақтарын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, жануарлар дүниесін, көгалдандыруды және т.б. қамтитын көптеген мәселелерді кешенді шешу қажет.

3.3. Тиісті саланы дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері және алғышарттары

3.3.1. Парниктік газдардың шығарындылары

Қазақстан Республикасында парниктік газдардың шығарындылары 1992 жылы CO₂ барабар 310 млн. тоннаны, 2008 жылы - 240 млн. тоннаны құрады.

Елде парниктік газдар шығарындылары көздерін орындалған түгендеу, көміртегі диоксиді эмиссиясының әзірленген болжамы ЖІӨ-нің бір бірлігіне (3,38 кг/АҚШ доллары) парниктік газдар шығарындыларының үлестік көрсеткіші бойынша Қазақстан бірінші орында екенін дәлелдеп отыр.

Көміртегі диоксиді шығарындыларының көлемінде ең көп үлес энергетикаға тиесілі, ал энергия тасығыштар арасынан - көмір, бұл ретте есептер шығарындылар генерациялауда көмірдің үлесі интенсивті қарқынмен өсетінін көрсетіп отыр. 2010 жылға қарай ол отынды жағудан түзілетін шығарындылардың жалпы көлемінің 63 %, 2020 жылы - 66 %-ын құрайды.

Қазақстан экономикасының көпшілігі энергияны қажетсінуімен ерекшеленеді, осының салдарынан елде энергия ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыратын іс-шараларды орындау үшін орасан техникалық резервтер бар. Қазіргі уақытта тұтынылатын энергияның 2/3 астамы оны пайдалану үдерісінде жоғалады, қазіргі заманғы технологиялардың даму деңгейі энергия ресурстарын пайдалы қолданудың кемінде 50-60 % коэффициентіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3.3.2. Атмосфералық ауаның ластануы

Ескерту. 3.3.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Атмосфералық ауаның ластануы халықтың денсаулығына теріс әсер ететін қоршаған ортаға әсер етудің жетекші факторларының бір болып қалуда. Атмосфералық ауаға жылу энергетикасы және мұнай-газ секторы, кен өндіру және тау-кен өндіру саласы, қара және түсті металлургия неғұрлым теріс әсер е т е д і .

Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындарының атмосфераға шығарындылары жылына шамамен үш миллион тоннаны құрайды, оның ішінде 85 %-ы ең ірі табиғат пайдаланушыларға тиесілі, елдің атмосферасына стационарлық көздерден шығарындылардың 10 %-ы және улы қалдықтардың елеулі үлесінің пайда болуы шикі мұнай мен ілеспе газ өндіру саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарға тиесілі. Рұқсат етілген ластағыш заттар көлемі 2012 жылы 2011 жылдың деңгейінде қалып, 3,35 млн. тоннаны құрады. 2013 жылдан бастап табиғат пайдаланушылар мәлімдеген қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерінің арту үрдісі байқалады, бұл көп жағдайда

экономика салалары дамуының оң серпінімен, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қуатының артуымен және жаңаларын іске қосумен, соның ішінде Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – ҮИИДМБ) шеңберінде іске асырылатын қоршаған ортаға эмиссияның айтарлықтай көлемі бар жобаларға байланысты.

Ауаны автомобиль көлігімен ластау көлемі неғұрлым қауіп төндіруде, бұл республика аумағында автокөлік құралдары санының қарқынды өсуіне байланысты. Бұл проблема республиканың ірі қалалары үшін аса өзекті, мұнда автокөліктің әуе бассейнін ластаудағы үлесі жалпықалалық шығарындылардың 60 %-на және одан жоғарыға жетеді.

3.3.3. Су ресурстарының ластануы

Ескерту. 3.3.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының ластану дәрежесі жоғары және ағындарының аумақтың бөлінуі тең еместігімен сипатталатын өзіндік су ресурстары шектелген. Жерасты тұщы сулары барланған запастар шамасының 12 % көлемінде ғана пайдаланылады.

Жыл сайын таза суды тұтыну, суды тасымалдау кезіндегі шығындар және тазартылмаған немесе жеткілікті түрде тазартылмаған ағынды суларды су айдындарына ағызу көлемі ұлғаюда. Бұл ретте ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп негізгі су тұтынушылар болып табылады: барлық пайдаланылатын судың тиісінше 75 % және 20 %-ы.

Ұзақ уақыт ішінде күрделі жөндеу жүргізілмегендіктен, қалалардағы және қалалық кенттердегі су бұру құрылыстарының 34 %-ы және кәріздік тазалау құрылыстары көпшілігінің физикалық тозуы 70 %-ға жеткен. Бірқатар ағынды суларды тазалау құрылыстары артық жүктемемен жұмыс істеуді, бұл жобалық деректер бойынша ағынды суларды тазалау технологиясының сәйкессіздігіне алып келеді. Желілер мен құрылыстарды жоспарлы жөндеу барлық жерде дерлік авариялық-жөндеу жұмыстарына жол беруде, бұл ретте оларды жүргізуге арналған біржолғы шығындар, әдетте, жоспарланған жұмыстардан 2,5-3 есе жоғары.

Ел халқының сапалы ауыз суға қол жеткізуі бұрынғыдай өткір проблема күйінде қалып отыр, бұл ретте Қазақстан Республикасы тұрғындарының 20 %-на дейінгі нормативтік сапа стандарттарына сәйкес келмейтін суды тұтынады.

Жер үсті суларының ластану, қоқыстану және сарқылу процесі жалғасуда, оның негізгі себебі су тоғандарына жеткілікті түрде тазартылмаған суды ағызу

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Рұқсат етілген ластағыш заттар көлемі 2012 жылы 2011 жылдың деңгейінде қалды және 2,8 млн. тоннаны құрады. Бұл ретте табиғат пайдаланушылар мәлімдеген эмиссиялар көлемінің ұлғаю үрдісі ластаушы заттар төгінділері бойынша да байқалады, бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қуатының артуына және жаңаларын іске қосуға және ҮИИДМБ шеңберінде қалыптасатын эмиссиялар көлемінің үлесіне байланысты.

3.3.4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының жинақталуы

Ескерту. 3.3.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу басымды экологиялық бағыттардың бірі болып табылады.

2009 жылы елде 669,3 млн. тонна қалдық жиналды, оның ішінде 665,6 млн. тонна - өндірістік қалдық, 6 млн. тоннасы - тұрмыстық. Елдің бір тұрғынының үлесіне орта есеппен 1,4 мың тонна жинақталған өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдық келеді.

2010 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша республика аумағында 43 млрд. тоннадан астам өндірістік қалдықтар бар, оның ішінде кәсіпорындардың аумағында 23 млрд. тонна орналастырылған.

Өндірістік қалдықтар, оның ішінде техногенді минералды түзілімдер (бұдан әрі - ТМТ) ахуалы қанағаттанарлықсыз күйде қалып отыр. Қазіргі уақытта республикада шамамен 34 млрд. тонна қалдық жинақталған 775 ТМТ объектісі тіркелген, бұл ретте олардың жыл сайын өсу үрдісі байқалады.

Өндіріс қалдықтарын, оның ішінде уытты қалдықтарды қайталама өңдеу тәжірибесі Қазақстанда жоқ. Қалдықтар көлемі үнемі өсіп отыратын техногендік интенсивті тозаң шығаратын ландшафттарды қалыптастыра отырып, арнайы полигондарда, жинақтағыштарда және қалдықтар сақтау қоймаларында сақталады. Мысалы, республикада электр станциялардың күл-қоқыс қалдықтарын кәдеге жарату және пайдалану 1 %-дан аспайды, ал Еуропада бұл көрсеткіш орташа 60 % құрайды.

Өнеркәсіптік және уытты қалдықтарға байланысты мәселелерден басқа республиканың барлық елді мекендерінде дерлік, әсіресе Қазақстанның ірі қалаларында тұрмыстық қалдықтардың ұлғайған көлемін сақтау және қайта өңдеу мәселесі өзекті болып тұр (1-кесте). Бұл ретте елдегі полигондардың көпшілігін және тұрмыстық қатты қалдық қоқыстарын пайдалану нормативтік өлшемдерге сәйкес келмейді.

Қалдықтарды жинау мен шығару жөнінде жеткілікті инфрақұрылымның

болмауы елді мекендерде стихиялық қоқыстар пайда болуының және оларды жою үшін жыл сайын жергілікті бюджеттен қаражат шығындардың бірден-бір себебі болып табылады. Қазақстандағы коммуналдық қалдықтардың негізгі бөлігі (97% астам) фракцияларға бөлінбестен, ашық қоқыс жинау орындарына шығарылады және сақталады, бұл топырақтың, жер асты және жер үсті суларының, атмосфералық ауаның ластануына алып келеді.

1-кесте. Қазақстан Республикасында жинақталған және шығарылған коммуналдық қалдықтар көлемінің серпіні

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Коммуналдық қалдықтар, млн.т.	6,5	6,8	3,6	4,5	3,6

Кеңес Одағы кезеңінде қалыптасқан тарихи ластанулар мәселесі Қазақстан үшін өткір мәселе болып тұр. Әскери мақсаттағы объектілерді, тау-металлургиялық кешен кәсіпорындарын ұзақ уақыт пайдалану салдарынан елдің, едәуір аумағы адам мен өзге де биологиялық объектілер үшін қауіпті концентрациядағы радиоактивті, биологиялық және химиялық заттармен ластанған.

3.3.5. Климаттың өзгеруінің экологиялық жүйелерге әсері

Қазіргі таңда ел аумағында орташа температура деңгейінің орташа есеппен 100 жылда 1,8^oC көтерілуіне байланысты климаттың өзгеру проблемасы Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады.

Климаттың өзгеруі биоәртүрлілікке әсер етеді. Бүгінгі күні биотүрліліктің арқылы және экожүйелердің жұтандануы республика аумағының 70 %-да, әсіресе шөлдер мен далалық аймақтарда, жер жырту мен малды көп жаю кезінде байқалады. Қазақстан аумағының басым бөлігі шөл және шөлейтті ландшафттық аймақтар болғандықтан, олардың экожүйелері, оның ішінде ауыл және су шаруашылығы климаттық жағдайлардың өзгеруінің байқалатын аномалияға қауқарсыз болып отыр.

Климаттық өзгеруі нәтижесінде ылғалдану аймақтарының шекарасы солтүстікке қарай ығысуы мүмкін, ендеше өңірлерде ылғалдану жағдайының нашарлауын күтуге болады.

1955 жылдан бастап Іле Алатауының солтүстік бөктерінде мұздықтардың ауданы 40,8 %-ке қысқарғаны байқалады. Климаттың өзгеруі болжамдарының есепке ала отырып, жақын болашақта мұздықтардың қарқынды еруінің жалғасуы мүмкін. Мұз басқан аудандардың азаюы тау өзендерінің су режимінің өзгеруіне алып келеді, бұл ретте Іле Алатауының солтүстік бөктерінің ағынды сулары

шамамен

16

%-ға

төмендейді.

Жалпы табиғаттың қауқарсыздығымен қатар республиканың антропогендік жүйесінің бейімделушілік әлеуетінің едәуір төмендегені байқалады.

3.3.6. Биоәртүрлілік Орман шаруашылығы және елді мекендерді көгалдандыру

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 28,4 млн. га немесе республика аумағының 10,4 %-ын құрайды. Орманды алқаптар 12,3 млн. гектарды немесе орман қоры жерлері жалпы ауданының 43,3 %-ын құрайды. Республиканың ормандылығы 4,5 % құрайды.

Уәкілетті органның қарамағында мемлекеттік орман қорының 4,8 млн. га (17,3 %), облыстық атқарушы органдардың қарамағында 22,8 млн. га (82 %) және басқа мемлекеттік органдардың қарамағында 0,8 млн. га (0,7 %) бар.

Қазақстанда ормандар барынша әркелкі орналасқан. Орман өсімдіктерінің түрлері табиғи аймақтардың әртүрлілігіне негізделеді. Шөлді аймақтарда сексеуіл ормандары өседі. Тау ормандарының негізгі бөлігі Алтай, Жоңғар және Іле Алатауында қою түсті қылқан жапырақты орманмен қамтылған. Дала мен далалы орманды аймақтардың жазық бөлігінде қайын-көктеректі ормандар, қарағай ормандар, Ертіс бойының салалы ормандары өседі.

Ормандар құрамында ормандармен қамтылған ауданның 49,6 % иеленетін сексеуіл басым болып келеді және шөл және дала аймақтарда бұталы екпелер 24,1 % алады.

Бағалы қылқан жапырақтылар 13,1 %, ал жұмсақ жапырақтылар 11,2 % құрайды.

Республика ормандары климаттық реттеу, орта қалыптастыру, дала және топырақ қорғау, су сақтау және санитариялық-гигиеналық функцияларын атқарады және елдің биологиялық алуан түрлілігінің 86 %-ы табиғи резерваттар болып саналады.

Республиканың орманды аумақтарын көбейтуде орман дақылдарын егудің маңызы зор. Бүгінгі күні жасанды отырғызылған өсімдіктер 1029,3 мың га немесе орманды жерлердің шамамен 10 % құрайды.

Орман дақылдарын отырғызу жұмыстарын қамтамасыз ету үшін республикада 143 орман питомнигі бар, мұнда жылына 200 млн-ға жуық дана түрлі стандартты тұқым екпе көшеттері өсіріледі. Аталған көлемдегі отырғызу материалдар шамамен 60,0 мың га орман дақылдарын құруға жеткілікті.

Қазіргі уақытта аталған питомниктерде стандартты отырғызу материалының 60,0 млн. данасы өсірілуде.

270 ағаштан, 45 га екпеден, 850 га астам ағаш тұқымды учаскелерден және

ағаш тұқымды плантациялардан тұратын селекциялық негіздегі ағаш тұқымды
б а з а қ а л ы п т а с т ы р ы л у д а .

Астана қаласының жасыл аймақты аумағында 1998 жылдан 2009 жыл аралығында 45 мың га екпелер отырғызылды, оның ішінде 14,7 мың гектары Астана қаласы әкімдігінің теңгеріміне берілді.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы ауданы 1724,4 мың га орман ресурстары 394 жеке және заңда тұлғалардың ұзақ мерзімді пайдалануына б е р і л д і .

Қолданылып жатқан шараларға қарамастан орман өрттері мен орманды заңсыз к е с у ж а л ғ а с у д а .

Орман өрттерінің себебі табиғи факторлармен қатар адам әрекетінен де болады, бұл көктемгі және күзгі өрт қауіпі өршіп тұрған кездерде аса қатерлі.

Республика бойынша ірі орман өрттерін талдау дала өрттерінің мемлекеттік орман қорының аумағына ауысуы салдарынан туындаған ең ірі ауданы - 62 %-ды құрайтынын көрсетті.

2009 жылы орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері аумағының 3,5 мың га ауданында 230 орман өрті оқиғасы болды, оның ішінде орманмен көмкерілген жерлер 1,7 мың га құрады. Орман өрттерінен болған залал 69842 мың теңгені құрады.

Өртке қарсы жұмыстарды жүргізу нәтижесінде орман өрттерінің саны 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 1,4 есеге төмендеді, өрт шарпып өткен аудан көлемі 1,6 есеге қысқартылды.

2009 жылы орманды заңсыз кесу жағдайлары 2008 жылмен салыстырғанда 1,6 есеге, ал 2007 жылмен салыстырғанда 2,1 есеге төмендеді, бұл ретте, олардың көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге, 2007 жылмен салыстырғанда 5,6 есеге төмендеді.

Жануарлар дүниесі

Аумақтың кеңдігі (272,5 млн. га), фауна түрлерінің көптігі (омыртқалылардың 835 түрі, омыртқасыздардың 50000 түрі) еліміздің ерекшелігі болып саналады. Қазақстан фаунасын түгендеу тек омыртқалы жануарлар үшін ғана аяқталды, олардың жекелеген сыныптары бойынша жалпы фауналық мәліметтер б а с ы п ш ы ғ а р ы л ғ а н .

Қазақстан аумағында омыртқалы жануарлардың 835 түрі мекендейді, оның ішінде: сүтқоректілер - 178, құстар - 489 (оның ішінде 396 осында ұя салады, қалғандары қыста ұшып келеді немесе көктем мен күзде ұшып өтеді), бауырымен жорғалаушылар - 49, қос мекенділер - 12, балықтар - 104, домалақ а у ы з д ы л а р - 3 .

Қорғауды талап ететін эндемикалық және реликті сирек түрлер арасында омыртқалы жануарлардың 300 түрі кездеседі, олардың көп бөлігі жоғалып кету ш е г і н д е т ұ р .

Қазақстанның Қызыл кітабына омыртқалы жануарлардың 128 түрімен кіші түрі, оның ішінде құстың - 57, сүтқоректілердің - 40, Қызыл кітаптың екінші бөлігіне омыртқасыз жануарлардың 96 түрі енгізілген.

2009 жылдың есепке алу мәліметтері көрсеткендей киіктер санының төмендеуі тоқтатылды және олардың санының өсу динамикасы: 2003 жылы 21,2 мыңнан 2009 жылы 81 мыңға, оның ішінде үстірт популяциясы 9,2 мыңға жайық киігі 26,2 мыңға, Бетпақдала киігі 45,2 мыңға көбейді. Киік санының өсуі 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 32,7 % құрады.

2008 жылмен салыстырғанда жабайы тұяқты жануарлардың сирек және жойылып жатқан түрлерінің саны 2009 жылы тұрақталды.

2007 - 2009 жылдары ғана 300 аңшылық шаруашылығы құрылды, 679 аңшылық шаруашылығына 119,8 млн.га немесе 51,3 % аңшылық жерлер б е к і т і л г е н .

Жануарларды браконьерлікпен аулау, басқа да антропогенді факторлар (көлік жүйелерін төсеу, жер қойнауын пайдалану, сулы-батпақты алқаптардың кебуі) республикамыздың жануарлар дүниесінің ресурсына теріс әсерін тигізуде. Қазақстан аумағында 20 ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан құланы, тұран жолбарысы, гепард жойылып кетті.

Республика ішінде киіктің етін және мүйізін сату нарығының болуы және оларды шетелге контрабандалық жолмен шығару, сондай-ақ ұсталған адамдардың жауапкершіліктен қашуы киіктерді сақтау қатері факторын туындатады және оларды сақтау жөнінде мемлекет қолданып жатқан шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Бұған қоса, Қазақстанда балық өсіру және балық аулауды үдемелі дамыту үшін балық шаруашылығының бай су қоры бар әрі жағдай да қолайлы.

Каспий теңізін есепке алмағанда, су қоймаларының жалпы ауданы шамамен 3 млн. га құрайды. Республиканың су айдындарында жалпы балық аулау 1965 жылы 111,9 мың тоннаны құраған. Соңғы үш жыл ішінде іс жүзінде орташа есеппен 52,4 мың тоннаны құрады.

Балықтың құрып бара жатқан сирек түріне жататын бекіре тұқымдас балық түрлерін сақтау және оңтайлы пайдалану жөнінде барлық қажет шаралар қабылданып, жыл сайын аулау көлемі төмендетілуде.

2002 жылдан бастап жыл сайын Қиғаш және Жайық өзендерінің арналарында уылдырық шашатын орындардан бекіре түрлерін өндірушілердің кедергісіз өтуін қамтамасыз ету мақсатында түбін тереңдету жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен жыл сайын 300 млн. теңгеге дейін (2,5 млн.

АҚШ доллары) қаражат бөлінеді.

Жыл сайын республиканың балық шаруашылық су қоймаларынан 156,4 млн данаға жуық жас балық және личинкалар, оның ішінде шамамен 7,0 млн. ға жуық бекіренің жас балықтары шығарылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Қазіргі уақытта республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының (бұдан әрі - ЕҚТА) жүйесі 10 мемлекеттік табиғи қорықтан (бұдан әрі - МТҚ), 10 мемлекеттік ұлттық табиғи парктен (бұдан әрі - МҰТҚ), 4 мемлекеттік табиғи резерваттан (бұдан әрі - МТР), 52 республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықтан, республикалық маңызы бар 26 табиғат ескерткіші, 3 зоологиялық парктен (Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларында), 5 республикалық ботаникалық бақтан (Алматы, Қарағанды, Риадер, Жезқазған қалаларында, Бақанас ауылы), республикалық мемлекеттік қорық аймақтарынан және жергілікті маңызы бар 2 мемлекеттік табиғи парктен тұрады.

Заңды тұлға мәртебесі бар ЕҚТА 5277,0 мың га немесе республика алаңының 1,9 % алып отыр.

Соңғы бес жылда қолда бар және 1865 мың га жаңа ЕҚТА құру есебінен республикалық маңызы бар ЕҚТА-ның алаңы ұлғайтылды.

Табиғи-қорық қор объектілерін қазіргі заманғы орналастыруды есепке алу мен талдау республиканың флорасы мен фаунасының генқорының қоймасы болып қызмет ете алатын, қорғалатын жаңа учаскелерді ұйымдастыру үшін қосымша жарамды аумақтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Арқар (Алтай, Қазақстан, Қаратау және Қызылқұм арқары) мекендейтін жерлерде, шөл сүтқоректілері - жайран, құлан, манұл, қарақал, сұр алабажак кесіртке үшін нақты қорғалатын аумақтар қажет. Жалғыз теңіз сүтқоректісі - каспий итбалығы, Каспийдің солтүстік бөлігіндегі заңды тұлға болып есептелмейтін қорық аймағымен ішінара қорғалған.

Аймақтық-ландшафты бөлу негізінде қорықтардың, ұлттық парктердің, резерваттардың орналасуын талдау мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

далалық аймақта шөлейттенген аймақтардың кіші аймақтары қорғауға алынбаған;

Үстірт қорығында оңтүстік (бірқалыпты - жылы) шөлдері фрагментальды түрде ұсынылған, бірақ сорандар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерінің қауымдастығы, жануарлардың жойылу үстіндегі және сирек түрлері қорыққа алынбаған болып саналады;

таулы аудандарда Оңтүстік Алтайдың, Сауыр-Тарбағатайдың өсімдік және жануарлар дүниесінің бірегей түрлері, орта Қаратаудың, Кетменнің, Күнгейдің,

Жоңғар Алатауының бай реликті және эндемінді түрлерінің қауымдастығы қ о р ғ а л м а ғ а н ;

өзіндік Орталық Азия тоғайлары мен кең шалғындардағы ЕҚТА аумақтарына м ә р т е б е б е р у қ а ж е т ;

Қазақстанда рептилиялар генқорын сақтау үшін Қызылқұм құмында (тек осында ғана ең ірі кесіртке - сұр алабажақ кесіртке мекендейді), Оңтүстік Балқаш маңы құмында, Бетпақдаланың сазды шөлінде, Солтүстік Балқаш маңының тастақты шөлінде, Іле аңғарының және Зайсан ойпаты шөлінде Бірқатар шөлді қ о р ы қ т а р қ ұ р у қ а ж е т .

Каспий итбалығының популяциясын сақтау мақсатында Каспий теңізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - теңіз қорығын құру қажет. Каспий итбалығы Каспий теңізіндегі эндемінді түрдегі және жоғалып кету қаупі бар ж а л ғ ы з с ү т қ о р е к т і ж а н у а р .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық бағытына сәйкес қазіргі уақытта елде қазіргі заманғы экономикада туристік кластердің рөлі күшеюде.

Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи а у м а қ т а р д а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Жыл сайын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бару ұлғаюда, 2006 жылы ЕҚТА-ға барғандардың жалпы саны 321,2 мың адам, 2007 жылы - 346,9 мың адам, 2008 жылы - 547,9 мың адам, 2009 жылы - 594,9 адам.

Іле Алатауы, Баянауыл, «Көкшетау» және «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи парк келушілер арасында кеңінен танымал.

ЕҚТА-ға барушылар санының ұлғаюы сервистің жақсаруымен, ЕҚТА туризм инфрақұрылымының, қонақ үйлердің, Визит-орталықтарының құрылуымен және жақсаруымен, ЕҚТА-ны абаттандырудың жақсаруымен байланысты.

Қазіргі уақытта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың арнайы бөлінген учаскелерінде 100 бақылау-өткізу пункті құрылған, 102 туристік бағыт пен 52 экскурсиялық бағыт ұйымдастырылған. Туристік соқпақтар мен бағыттардың ұзақтығы 5 мыңнан астам шақырымды құрайды, 66 байқау алаңдары мен көрсету учаскелері, 143 бивуак алаңдары мен лагерьлер, автокөліктер үшін 81 тұрақ, 84 қонақүй, кемпингтер, туристік базалар, қоғамдық тамақтанудың 65 объектісі жабдықталды, 1 мыңнан астам аншлаг, нұсқағыштар және ақпараттық стенділер орнатылды. 4 ұлттық парктің (Алтын Емел, Шарын, Көлсай көлдері және Іле Алатауы) аумақтары бойынша «Алтын шеңбер» атты тікелей туристік бағыты әзірлену сатысында.

3.3.7. Жер ресурстарының жұтандануы және шөлейттену

Елдің ішкі континенталды орналасуы шөлейттену үдерістерінің дамуына ықпал ететін негізгі табиғи фактор болып табылады, бұл климаттың қуаңшылығын, су ресурстарының тапшылығын және дұрыс таратылмауын, құмның (30 млн. га-ға дейін), сортаң және тұзды жерлердің (93 млн. га-дан астам) кеңінен таралуын айқындайды. Қазақстанның осындай табиғи ерекшеліктері табиғи ортаның орманды заңсыз кесу, өрт, жүйесіз рекреация, топырақ пен жерасты суларының ластануы сияқты антропогендік әсерлеріне қарсы тұруының әлсіздігін негіздейді.

Ел тұрғындарының шамамен 43 %-ы ауылды жерлерде тұрады да олардың көпшілігі табысы аграрлық секторға және жер пайдалануға тікелей немесе жанама түрде байланысты кірістерге тәуелді. Қазақстан өзінің жайылым ресурстарының көлемі (188 млн. га) бойынша әлемде алтыншы орынға ие, ал 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұтанған жайылымдық жерлердің жалпы ауданы 48 млн. га астам, бұл шамамен 26 %-ды құрайды. Бұдан басқа 180,2 мың га бүлінген жер бар.

3.3.8. Ластанған аумақтардың проблемалары

Көп жылдар бойы тарихи ластану проблемасы қоғамдық резонанс тудырып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде табиғи ортаның төтенше жағдайы туралы көптеген мақалалар мен жарияланымдар жарық көрді.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, экологиялық апат аймақтарына жатқызылған аумақтардың (бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны мен Арал өңірі) экологиялық жай-күйі күрделі болып қалуда. Семей сынақ полигонының жерлерін халық шаруашылығының пайдалануына беру мүмкіндігі туралы мәселе әлі де өз шешімін таппай отыр. Өңірдің инфрақұрылымы баяу дамытылуда, ірі инвестициялық жобалар жоқтың қасы.

Арал өңіріндегі экологиялық тұрақсыздық табиғи кешендерінің едәуір трансформациясына алып келді.

Әскери-сынақ полигондары әсерінің аймағында қоршаған ортаның радионуклидтермен, ауыр металдармен және уытты заттармен нормадан тыс радиациялық ластануы анықталған. Аталған аумақтағы су объектілері шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін мүлдем жарамсыз.

Қазақстан аумағында уран өндіру саласы жұмыс істеген кезең аралығында 200 млн. тоннаға жуық радиоактивті қалдықтар түзілді. Уытты және радиоактивті қалдықтарды сақтау үйінділерінің проблемасы барынша өзекті болып қалуда.

Жыл сайын мұнай кен орындарын пайдалану кезінде қомақты жер ауқымы теріс әсерге ұшырайды. Майланған жердің жалпы алаңы 5 мың га-дан астам. Бұл

ескі авариялық құюлар, мұнай қамбалары мен авариялық мұнай ұңғымалары.

Каспий теңізі суының жайылу және басу аймағында 1485 ұңғымалары бар 19, оның ішінде үнемі су басу аймағында 90 мұнай кен орындары бар, бұлар теңіздің ластануына айтарлықтай қауіп төндіреді.

Ел аумағында орнықты органикалық ластағыштардың, хромның және корғасын, кадмий, мен мырыш сияқты ауыр металлдардың едәуір көлемі жинақталған, бұлар қоршаған орта құрамдауыштары мен халық денсаулығының қауіпсіздігі үшін жоғары қауіп көзі болып табылады. Хроммен ластанған өзен суларынан ауланған балықты тамаққа пайдалану қаупі, радиоактивті заттардың, жұқа дисперсті уытты материалдың айналадағы үйлерге, өзендерге, жыртылатын жерлерге шашылу қаупі бар.

3.3.9. Халық денсаулығының жай-күйіне қоршаған ортаның әсері

Ескерту. 3.3.9-кіші бөлім толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 Қаулысымен.

Радиациялық, химиялық, биологиялық ластану ошақтарының қалыптасуы қоршаған орта объектілерінің бұзылуына әкеліп соқты, халық денсаулығының жай-күйіне тікелей қауіп төндіруде.

Проблема, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарда асқынып тұр, мұнда тыныс алу мүшелерінің ауруларымен, онкологиялық аурулармен, жүрек-тамыр жүйесінің ауруларымен, неврологиялық және тағы басқа аурулармен наукастанудың және солардың салдарларынан болатын өлім-жітімнің жоғары деңгейі байқалады.

Иондаушы сәулеленудің табиғи көздері де бірқатар аурулардың негізгі себебі болуы мүмкін. Мысалы, сарапшылардың бағалауы бойынша халықтың барлық радиация көздерінен алатын жиынтық мөлшердің 70 %-ы және өкпенің барлық катерлі ісігі ауруларының 20 %-ы радон радиоактивті газының әсерімен негізделген. Қазақстан аумағында Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының бірқатар аудандары мен басқа облыстардың таулы аудандарындағы тұрғын және қоғамдық ғимараттарда радон мен оның ыдыраған өнімдерінің таралуы қолданыстағы гигиеналық нормативтердің көрсеткішінен ондаған есе артық.

Сондықтан, халық денсаулығы жай-күйінің өлшеміне елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, әсіресе, ядролық қаруды сынау салдарынан зардап шеккен немесе экологиялық апат аймақтарында тұратын халықты сауықтыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен іске асыру үдерісінде басым сипат берілуге тиіс.

Халықтың денсаулығын қолайсыз экологиялық факторлардан қорғау м ы н а л а р д ы ң :

экологиялық тәуекелді бағалау және оны азайту жөніндегі бағдарламаларды қалыптастыру ;

елді мекендердің аумақтарында қоршаған орта сапасының нормативтерімен сөзсіз қамтамасыз ету ;

өнеркәсіп объектілерін қоныстану аймақтарынан тыс жерлерге шығара отырып, қала құрылысы шешімдеріне жаңа тәсілдерді енгізу ;

су құбыры және шөлмекке құйылған ауыз судың сапасына қойылатын талаптарды күшейту ;

тұрғын үйлер ортасының жай-күйіне, әсіресе радиоактивті параметрлердің ерекшелігі бойынша бақылау есебінен қол жеткізіледі.

3.3.10. Қоршаған ортаның сапасын басқарудың қолданыстағы жүйесі

Қолданыстағы экологиялық саясат құралдарының қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына антропогендік әсерді төмендетуді ынталандыруы мардымсыз және одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған Экологиялық кодекс қабылданған, ол елде қабылданған қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Әкімшіл-әміршіл тәсілдердің, бұрынғы нормалау жүйесінің, айыппұл санкциялары басымдылығының орнына табиғи ресурстарды қорғау және пайдалану жөніндегі шаруашылық қызметті реттеудің қуатты факторы болып табылатын тиімді экономикалық иінтірек келуде. Олардың арасында экологиялық құқық бұзудың алдын алу және жаңа технологияларды енгізуді ынталандыру ерекше орын алады.

Қазіргі уақытта бірқатар көп жақты келісімдерді іске асыру жөнінде ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда, оның ішінде халықаралық табиғат қорғау конвенциялары ерекше маңызға ие.

Алайда, ратификацияланған халықаралық 18 конвенцияның 4-еуінің талаптарын орындалуға әлі де өте нашар назар аударылуда (Киото хаттамасы, Орнықты органикалық ластанулар туралы Стокгольм конвенциясы, Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы, Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы Базель конвенциясы).

Су ресурстарын бірлесіп басқару және қорғау саласында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қытай және Ресей арасында ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдер әрекет етуде. Су келісімдерінің іске асырылуын талдау қазіргі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде тиімділігінің төмендігін көрсетті. Бар келісімдер не

мазмұны мен құқықтық нысаны жағынан жетілмеген не дұрыс орындалмайды.

Әлемдік деңгейде гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жүзеге асыру үшін ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жаңғыртылуда.

Алайда, толықтай жаңғырту жөніндегі міндеттерді шешу және мониторинг жүйесінің техникалық, ұйымдық және кадрлық әлеуетін ел экономикасы мен қоғамының заманауи талаптарын қанағаттандыратын деңгейге дейін жеткізу үшін қазіргі уақытта бөлініп жатқан қаржыландыру көлемі жеткіліксіз.

Елде қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстары жеткілікті түрде іске асырылуда, дегенмен бір тақырыпқа бөлінетін қаражат көлемінің жеткіліксіз екені сөзсіз. Сондықтан, ғылыми зерттеулердің тақырыптық бағыттарын оңтайландыру қажет.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер жергілікті бюджеттерге нысаналы мақсатсыз түсетінін және, әдетте, осы қаражаттың қомақты бөлігі жергілікті атқарушы органдардың қалауы бойынша тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің ағымды мәселелерін шешуге, әлеуметтік саланы қолдауға, инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге және тағы басқаларға бағытталатынын атап өту қажет. Сондықтан, экологиялық жобаларды іске асыру, көбінесе, калдық қағидаты бойынша қаржыландырылады. Мысалы, 2009 жылы табиғат қорғау іс-шараларына бөлінген қаражат сомасы 23,8 млрд. теңгені немесе келіп түскен төлемдер мен айыппұлдардың жалпы көлемінің 27,9 %-ын құрады.

Осылайша, Қазақстанда экологиялық төлемдер бойынша мейлінше қалыпты мемлекеттік саясат болғанмен, табиғат қорғау іс-шараларына арналған қаражатты пайдалану тетігі пысықталмай қалып отыр.

Экологиялық мәселелер экологиялық салықтар, экологиялық қорлар, тартылған инвестициялар, бірлескен жобалар (бірлесіп жүзеге асыру жобалары), көміртегі квоталары есебінен қалыптастырылатын «жасыл инвестициялар» жүйесін енгізу есебінен шешілетінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Қалыптасу көзі ластанулар мен қоршаған ортаға әсер болып табылатын ақша қаражатының 100 %-ы экологиялық мәселелерді шешуге қатысты жұмсалуда тиіс. Қазақстанға келсек, «жасыл инвестициялар» экологиялық төлемдер (2009 жылы 97 млрд. теңге), табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау іс-шаралары (2009 жылы 124 млрд. теңге) және халықаралық ұйымдарының гранттары есебінен жинақталады.

3.4. Қазіргі нормативтік құқықтық базаның сипаттамасын қоса алғанда, саланы дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын, қолданыстағы практиканы және саланы дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерін талдау

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы жетілдіру мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қабылданды.

Кодексте қоршаған ортаны қорғау мәселелері заңнамалық тұрғыда қорытылып, жүйеленген, экологиялық талаптар мен нормативтер мәртебесі тікелей қолданылатын заңнамалық акт деңгейіне дейін көтерілді, халықаралық стандарттар қоршаған ортаны қорғау практикасына енгізілді.

Әкімшіл-әміршіл тәсілдердің, бұрынғы нормалау жүйесінің, айыппұл санкциялары басымдылығының орнына табиғи ресурстарды қорғау және пайдалану жөніндегі шаруашылық қызметті реттеудің қуатты факторы болып табылатын тиімді экономикалық иінтірек келуде, олардың арасында экологиялық құқық бұзудың алдын алу және жаңа технологияларды енгізуді ынталандыру орын алған. Қазіргі уақытта Экологиялық кодекстің негізгі ережелерін іске асыру үшін, оның ішінде экологиялық нормалау жүйесін дамыту жөніндегі негізгі нормативтік әдістемелік құжаттарды әзірлеу жүргізілуде.

Рұқсат беру жүйесін, экологиялық сараптаманы және лицензиялауды жетілдіру мақсатында 2005 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен жергілікті атқарушы органдар арасында табиғатты пайдалану, мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізуді реттеу бөлігіндегі функциялардың аражігі ажыратылды. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін міндетті лицензиялау алып тасталды, ірі табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатын алу мерзімі ұлғайтылды, қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсерін тигізбейтін кәсіпорындарға рұқсат алу рәсімі едәуір оңайлатылды (Қазақстан кәсіпорындарының 70 %-дан астамы рұқсатты қарапайым хабарлама декларациясы негізінде алады).

Сарапшылардың бағалауы бойынша қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық өсуі, негізінен, шикізатқа және табиғи капиталдың шығасыларымен және жұтаңдануымен сүйемелденетін табиғи ресурстардың айтарлықтай көлемін пайдалануға әлемдік бағалардың өсуі есебінен жалғасуда. Осы бағыттағы маңызды жетістіктерге қарамастан, теңгерімсіз даму проблемасы әлі де Қазақстанға тән болып қалуда, ал табиғи жүйелерді қалпына келтіру және сақтау мәселесі басты міндет болып қала береді.

3.5. Қазіргі проблемаларды шешуде Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеуге болатын шетелдік оң тәжірибеге, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне шолу

Барған сайын жаһандық сипат алып бара жатқан экологиялық проблемаларды шешудің өзектілігі мен қажеттілігін қазіргі уақытта әлемнің барлық дерлік елдері мойындады. Олардың жан-жақтылығы және өзара шарттылығы елдердің географиялық орналасуына және олардың экономикалық даму деңгейіне қарамастан, ортақ ұсыныстар мен шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Адамзаттың теңгермелі дамуы - қазіргі экологиялық проблемаларды шешудің б і р д е н - б і р ж о л ы .

Дамыған елдердегі табиғат пайдалануға мемлекеттің араласуының ауыз толтырып айтарлықтай сипаты бар. Басқарудың иерархиялық жүйелері құрылған , онда табиғат қорғау саясатының мақсаттары, оның объектілері, сондай-ақ жүзеге асыру деңгейлері бөліп көрсетіледі.

Көптеген дамыған елдерде экологиялық саясатты жүргізудің және оны қаржыландырудың негізінде қоршаған ортаның нормативті сапалы жай-күйінің қағидаты жатыр, ол түрлі ластануларға стандарттарды белгілеу жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Осы стандарттарға көшу дотациялау, жеңілдетілген кредит беру пайдаланылатын, ластанулар саудасы жүйесін немесе олардың нормативті және нормативтен тыс деңгейлері үшін төлемдерді, айыппұлдарды практикаға енгізілетін жазалаушы сипаты да, ынталандырушы сипаты да болатын тиісті салық саясатымен қамтамасыз етіледі.

Дегенмен де, экологиялық төлемдердің негізгі мақсаты - мемлекеттік бюджетті толықтыру емес, төлеушіні қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан жақсы мінез-құлыққа ынталандыру. Экологиялық салықтар үнемі бюджеттерге т ү с е д і .

Айталық, «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Ресей Федерациясының Заңына сәйкес эмиссиялық төлемдердің жалпы сомасының 10 %-ы федералдық бюджетке жіберіледі және экологиялық бақылау органдарын ұстауға жұмсалады. Қалған 90 %-ы экологиялық қорларға (жергілікті, өңірлік, федералдық) аударылады және табиғат қорғау іс-шаралары мен экологиялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Бұл ретте алынатын қаражат тұтынушыларды табиғатты қорғауға ынталандыруға, қалдықсыз технологияларды әзірлеуге және енгізуге, қалдықтарды кәдеге жаратуға, ескі қоқыс үйінділерін тазартуға және тағы б а с қ а л а р ғ а ж ұ м с а л у ы м ү м к і н .

Экологиялық мәселелер экологиялық салықтар, экологиялық қорлар, тартылған инвестициялар, бірлескен жобалар (бірлесіп жүзеге асыру жобалары), көміртегі квоталары есебінен қалыптастырылатын «жасыл инвестициялар» жүйесін енгізу есебінен шешілетінін Ресей Федерациясының тәжірибесі көрсетіп отыр. Қалыптасу көзі ластанулар мен қоршаған ортаға әсер болып табылатын

акша қаражатының 100 %-ы экологиялық мәселелерді шешуге қатысты
ж ұ м с а л у ғ а т и і с .

Бұл тәжірибені Қазақстанға енгізу экологиялық мәселелерді экологиялық төлемдер (2009 жылы 97 млрд. теңге), табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау іс-шаралары (2009 жылы 124 млрд. теңге) және халықаралық ұйымдарының гранттары есебінен шешуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік табиғат қорғауды бақылау жүйесінің жұмысы экологиялық заңнаманың қатаң сақталуына, қоршаған ортаға теріс әсерлерді төмендету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға сайын келетін түпкілікті нәтижеге, қолданылатын санкциялардың орындалуына бағыттталатын болады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. 4-бөлімге өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912 Қаулысымен.

4.1. Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру жөнінде жағдай жасау болып табылады.

4.2. Бағдарламаның міндеттері

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:
«ж а с ы л э к о н о м и к а н ы» дамыту;
қоршаған орта құрамдауыштары мен денсаулыққа антропогендік әсерді төмендету;
табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру;
қоршаған орта сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру.

4.3. Нысаналы индикаторлар

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу м е ж е л е н і п о т ы р :

- 1) кешенді экологиялық рұқсаттарға енгізілген ресурс үнемдеу көрсеткіштері 2014 жылы 1 дананы құрайды;
- 2) ластаушы заттардың жалпы шығарындылары нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі 5 млн. тоннадан аспайтын болады;
- 3) ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі 5 млн. тоннадан аспайтын болады;
- 4) 2014 жылға қарай қалдықтардың түзілуіне қатысты оларды қайта өңдеу үлесі 21,9 %-ды құрайды;
- 5) 2014 жылға қарай 1990 жылмен салыстырғанда парниктік газдардың

шығарындылары көлемінің асырылмауы 96 %-ды құрайды;

б) шөлейттенген және жұтаң жерлер алаңының өзгеру серпіні 2014 жылға қарай 0,05 % құрайды;

7) жануарлар дүниесінің 200 түрін сақтау, оның ішінде: ауланатын түрлері – 93;

сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлері – 107;

8) табиғи су айдындары мен су қоймаларына бағалы кәсіпшілік балықтардың тіршілікке төзімді шабақтарын шығару 2014 жылға қарай 158,4 млн. дананы құрайды;

9) орман көмкерген жерлерге ауыстырылатын орман көмкермеген жерлердің жыл сайынғы алқабы 2014 жылға қарай – 6,5 мың га.;

10) республиканың жалпы алаңына шаққанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі 2014 жылы 8,8 % болады;

11) бақылау пункттерінің саны 2014 жылға қарай:

метеорологиялық станциялар - 287;

агрометеорологиялық бекеттер - 102;

гидрологиялық бекеттер - 303;

автоматты режимде жұмыс істейтін атмосфера ауасының жай-күйін - 48 құрайды.

Ескерту. 4.3-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

4.4. Әрбір міндет бойынша жоспарланған мәнге қол жеткізу болжанып отырған нақты (орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді) кезеңді көрсете отырып, Бағдарлама міндеттерінің шешілу дәрежесін сипаттайтын, сандық және сапалық жағынан өлшенетін мәндер ретінде белгіленетін нәтижелер көрсеткіштері

Ескерту. 4.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Мақсаты: Табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру жөнінде жағдай жасау							
Нысаналы индикаторлар	өлшем бірлігі	есепті жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
Кешенді экологиялық рұқсат беруге енгізілген ресурс үнемдеу көрсеткіштері	дана						1
I-міндет. «Жасыл экономиканы» дамыту							
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	өлшем бірлігі	есепті жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату көлемі	млн. тонна	133,9	134,5	139,8	139,8	146,4	146,4
Су бұру және кәріздік тазалау құрылыстарын салу, қайта жаңарту және жаңғырту жөніндегі іске асырылатын жобалар	бірлік	4	7	11	4	2	2
Іске асырылатын жобалар бойынша «тарихи» ластанулардан тазартылған аумақтардың пайызы	%	0	0	13,8	13,8	27,6	0
Ластаушы заттардың жалпы шығарындылары нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемінен аспауы	млн. тонна	0	0	0	0	5	5
Ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемінен аспауы	млн. тонна	0	0	0	0	5	5
Нысаналы индикаторлар	өлшем бірлігі	есепті жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
1990 жылға қатысты салыстырғанда парниктік газдар шығарындылары көлемінің аспауы	%	74	76	81	86	91	96
Шөлейттенген және жұтаң жерлер аумағының өзгеру серпіні (5 жылда 1 рет)	га	0,01					0,05
Мемлекеттік тапсырыс бойынша бағалы кәсіпшілік балықтардың тіршілікке төзімді шабақтарын табиғи су айдындары мен су қоймаларына жіберуге жеткізу	млн. дана	156,4	158,4	158,4	158,4	158,4	158,4
3-міндет. Табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру							
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	өлшем бірлігі	есепті жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
Парниктік газдарды төмендету жөнінде басқа елдермен бірлескен жобалар	дана					3	5
Таза технологиялар қоры инвестициялайтын жобалар	дана				3	2	4

Ішкі көміртегі нарығында іске асырылатын жобалар	дана					3	5
Балық шаруашылығы су қоймаларын және (немесе) халықаралық және республикалық маңызы бар учаскелерді ұзақ мерзімді негізде бекіту	%	70,0	80,0	80,0	80,0	80,0	80,0
Ормандарды молықтыру және орман өсіру алаңы	мың гектар	48,6	50	56	62	63	54
Орман өртінің орташа алаңын азайту	гектар	8,2	18,2	6,8	11,0	10,9	10,8
Киіктер санын көбейту	өткен жылға %	32,7	5,5	10	10	10	10
Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген тұяқты жабайы жануарлар түрінің санын олар мекендейтін аймақтарда тұрақтандыру:	өткен жылға %						
тоғай кермаралы		6,3	4,4	0,1	0,1	0,1	0,1
құлан		3,5	1,5	0,1	0,1	0,1	0,1
карақұйрық		0,1	0,7	0,1	0,1	0,1	0,1
арқар		0,8	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1
Есепке алумен және мониторингпен қамтылған сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген тұяқты жабайы жануарлар түрлерінің саны	бірлік	4	4	4	4	4	4
Аңшылық алқаптарды бекітіп беру үлесі	аңшылық алқаптардың жалпы аумағының %	48,5	49	49	49,3	49,5	49,7
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жаңаларын құру және қолданыстағыларын кеңейту	мың гектар жыл сайын	211,8	447,9	88,9	489,9	144,6	136,8
Нысаналы индикаторлар	өлшем бірлігі	есепті жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
2014 жылға қарай бақылау пунктерінің санын: метеорологиялық станциялар; агрометеорологиялық бекеттер; гидрологиялық бекеттер; атмосфералық ауаның жай-күйін		259	259	260	260	287	287
		65	70	71	71	71	79
		291	291	291	298	298	303
		13	22	22	32		48

автоматты режимде жұмыс істейтін пункттерді көбейту	бірлік					48	
Орман көмкерген алқаптарға ауыстырылған орман көмкермеген алқаптардың алаңы	мың га.	4	4,5	5	5,5	6	6,5
Жануарлар дүниесін сақтау, оның ішінде:		200	200	200	200	200	200
ауланатын түрлері	бірлік	93	93	93	93	93	93
сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері		107	107	107	107	107	107
Республиканың жалпы алаңына қатысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	республика алаңына %-бен	8,3	8,4	8,5	8,6	8,7	8,8
4-міндет. Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру							
Гидрогеологиялық болжамдардың санын ұлғайту	бірлік	235	240	245	250	251	252
Агрометеорологиялық болжамдардың санын ұлғайту	бірлік	5	5	5	6	7	7
Мынада: атмосфералық ауада, суда, топырақта ластаушы заттардың айқындалатын көрсеткіштерінің спектрін кеңейту:	көрсеткіштер саны	16	16	16	16	17	17
		45	45	45	45	46	46
		5	5	5	5	6	7
Екіжақты және көпжақты қол қойылған келісімдер	дана	2	4	2	2	1	1
Халықаралық экологиялық конвенцияларды іске асыру шеңберіндегі ұлттық баяндамалар	дана	5	5	6	4	5	4

4.5. Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге органдар

Ескерту. 4.5-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрлігі, Мұнай және газ министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Өңірлік даму министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар) табиғи ортаның ластану деңгейін оның сапасын басқару жүйесін оңтайландыру, экологиялық орнықты даму тетіктерін құру, қоршаған ортаны ластайтын ірі өнеркәсіп кәсіпорындары үшін ең үздік қолайлы технологиялар негізінде нормалауға көшу жөнінде нұсқаулық пен жоспар әзірлеу және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, тиімді пайдалану ормандарды қорғау және өсімін молайту жолымен азайту жөніндегі жұмыстар мен ұйымдастыру іс-шаралары көзделген.

Екінші кезеңде (2013 - 2014 жылдар) табиғи ортаны басқару сапасын жақсарту, орнықты даму тетіктерін іске асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу, қолда бар үздік технологияларды енгізу, қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштеріне және қоғамның экологиялық орнықты дамуын қолайлы деңгейге қол жеткізу көзделген.

5.1. «Жасыл экономиканы» дамыту

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

«Жасыл экономикаға» көшу климаттың өзгеруіне негізделген проблемаларды шешуге ықпал етеді, қоғамның барлық өкілдері үшін қолайлы өсімді қамтамасыз етеді және энергетика, су, азық-түлік және шикізат ресурстарын тиімді пайдалану арқылы қоғамдық келісімге қол жеткізуге және орнықты дамуға мүмкіндік береді. Бұл ретте, жоспарлау және жобалау үдерістеріне төмен көміртекті экономика мен парниктік газдар шығарындылары көлеміне жаңа жоспарлар мен жобалардың әсер ету қағидаттарын есепке алудың міндетті талаптарын енгізу көзделіп отыр.

Таза технологияларды ендіру және ресурс үнемдеу жүйесін құру үшін Қазақстанның төмен көміртекті дамуы жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу, көміртегі бірліктерінің тізілімін жүргізу жөнінде бағдарламалық кешенді сатып алу және оған қолдау жасау қажет.

Энергия үнемдеу технологияларын енгізу тек өнім шығынын төмендетіп, бәсекелестікті жоғарлатып қана қоймай, ол отын-энергетикалық кешеннің орнықтылығын арттыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Энергия тиімділік пен таза технологияларға бағытталған бәрін қамтитын шаралар пакеті экономика мен қоғамға жақсы әсер етеді, елдің экологиялық қауіпсіздігін арттырады, климаттың өзгеруінің теріс салдарларын азайтады.

Кешенді экологиялық рұқсат беруге енгізілген ресурс үнемдеу көрсеткіштері 2014 жылы 1 дананы құрайды.

5.2. Қоршаған ортаның құрамдауыштары мен халықтың денсаулығына антропогендік әсерді азайту

Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Қалалардың басты магистральдарында көлік ағынын («жасыл ағын») автоматтандырылған басқару жүйесін құруды қоса алғанда, автокөліктің теріс әсері азаяды, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың көздерінде және санитариялық-қорғау аймақтарында эмиссияларға автоматтандырылған тәулік бойы бақылау енгізіледі.

Жалпы нормативтік шығарындылардың белгіленген мәндерінің көлемі 5 млн. тоннадан аспайды.

Су ресурстарының ластануын төмендету үшін ірі қалаларда және елді мекендерде суды пайдалану, су бұру және кәріздік тазалау құрылыстары жүйелерін салу, қайта жаңарту және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру, ел аумағындағы су объектілерінің экологиялық жай-күйі мониторингі және бақылауды, оның ішінде ғарыштық бақылау технологияларын пайдалана отырып бақылауды қамтамасыз ету жөнінде бірыңғай ақпараттық жүйесін құру қажет.

Ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі 5 млн. тоннадан аспайды.

Республикада қалдықтарды басқаруды жетілдіруге қатысты алдын алу тәсілі мен қалдықтарды азайтуды жаппай енгізуге екпін беру керек. Экологиялық таза технологияларға өту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу, қалдықтардың түзілуін төмендету және оларды өңдеуге бағытталған өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеп, енгізу керек.

Тиімді басқарудың шарты - республикадағы бар қалдықтардың түрлері туралы толық ақпараттың болуы. Қалдықтарды кәдеге жарату және өңдеуде кәсіпорындарды көтермелеу мақсатында қалдықтарды кәдеге жарату және өңдеуде кәсіпорындарды ынталандыру тетіктерін әзірлеу керек және игерілген карьерлерге, шахталарға аршынды жыныстарды орналастыру, оларды

автомобиль жолдарын, қорғау бөгеттерін және құрылыстар салуға, ұсақталған тастарды өндіруге, халыққа сатуға т.б. пайдалану сияқты өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату жұмыстарын жалғастыру керек.

Коммуналдық қалдықтарға қатысты жергілікті билік органдарының коммуналдық қалдықтарды бөлек жинаудың, сұрыптаудың, кәдеге жаратудың, өңдеудің және экологиялық қауіпсіз жоюдың тиімді жүйесін ұйымдастыру үшін жауапкершіліктерін күшейту қажет.

2014 жылға қарай қалдықтарды түзілуіне қатысты оларды өңдеу үлесі 21,9 %-ды құрайтын болады.

5.3. Табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру

Ескерту. 5.3-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804 қаулысымен.

Климаттың өзгеруіне бейімделу климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі саясаттың түйінді элементтерінің бірі ретінде каралады.

Қазақстан үшін табиғи-шаруашылық жүйелер мен экономика секторларының климаттың өзгеруіне тәуелділігі проблемасы жыл сайын өсіп отырғандықтан, бейімделу шараларының тұтас кешенін көздеу қажет.

Климаттың өзгеруінің жаһандық проблемасын шешу және озон қабатын қорғау үшін Киото хаттамасының талаптарын имплементациялау мақсатында парниктік газдар эмиссияларын азайтуды қамтамасыз ету әрі экономиканы төмен көміртекті дамыту және Қазақстанның аумағында климаттың болашақта өзгеруін сценарийлер ретінде сандық бағалауды орындау жоспарланып отыр.

1990 жылмен салыстырғанда 2014 жылға қарай парниктік газдардың шығарындылары көлемінің асырылмауы 96 %-ды құрайды.

Жердің шөлейттенуі мен жұтануына қарсы күрес саласында егістік жерлердің құнарлылығының, шөлейттенуге, эрозияға, сорлануға, ластануға және басқа да антропогендік факторларға бейімдігінің заманауи жай-күйі бойынша оларға толық түгендеу жүргізу қажет.

Шөлейттенген және жұтаң жерлер алаңының өзгеру серпіні 2014 жылға қарай 0,05 %-ды құрайтын болады.

Тұяқты жабайы жануарлар мен киіктердің сирек кездесетін және құрып баратқан түрлерінің популяциясын және олар мекендейтін жерлерді сақтап қалу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оларды жыл бойы қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Жануарлар әлемін қорғауды қамтамасыз ету бағыттарының бірі бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында аңшылық шаруашылықтарының қорықшы қызметтерінің күш-жігерімен жануарлар әлемін қорғау болып табылады.

Жануарлар дүниесінің 200 түрін сақтап қалу негізгі міндет болып табылады,
о н ы ң і ш і н д е :

- 1) ауланатын түрлері – 93;
- 2) сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлері – 107.

Биологиялық су қорлары мен ресурстарын есепке алуды ұйымдастыру және тұрақтандыру жөніндегі шаралар шеңберінде балық шаруашылығы су тоғандарында балық өсіру жұмыстары ұйымдастырылып, балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу жүргізіледі, балықтың тіршілік етуі мен көбеюі үшін оңтайлы жағдайлар жасау жөніндегі және браконьерлік пен биологиялық ресурс объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтау, болдырмау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіпшілік бағалы балықтардың тіршілікке төзімді шабақтарын табиғи су айдындары мен су қоймаларына шығару 2014 жылға қарай 158,4 млн. дананы құрайды.

Маңайдағы аумақтарда қорық режимін орнату мақсатында суда жүзетін және су маңайында жүретін құстардың, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің тамақтану және ұя салу орындары болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар кеңейтілетін болады.

Республиканың жалпы жер көлеміне шаққанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі 2014 жылға қарай 8,8 % болады.

Орманды өрттен және орман заңнамасының бұзылуынан қорғаудың, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғаудың тиімділігін арттырудың негізі осы бағыттағы іс-шаралар кешенін жүзеге асырушы жер бетіндегі және авиациялық қызметтің пәрменді жүйесін ұйымдастыру болып табылады.

Тиімділікті арттыру ормандарды өртке қарсы жайластыру, оның ішінде өртке қарсы айрықтарды, минералданған жолақтарды белгілеу және оларды күтіп ұстау, орман шаруашылығының және өртке қарсы мақсаттағы жолдарды жөндеу, сондай-ақ негізінен биологиялық әдістерді пайдалану арқылы орманды зиянкестер мен аурулардан қорғаудың белсенді тәсілдерін қолдану жөніндегі іс-шараларды өткізу жолымен қамтамасыз етіледі.

Орман зиянкестері орналасқан ошақтардың аумағындағы ағаштарды сақтау үшін қорғаудың биологиялық әдістерін қолдана отырып, күрестің қатаң шаралары жүргізілетін болады, орманды патологиялық тексеру жүзеге асырылады.

Орманды молықтыру егу және отырғызу тәсілімен ағаш дақылдарын салу, сондай-ақ ағаштардың табиғи қалпына келуі үшін қолайлы жағдайлар жасау жолымен жүзеге асырылады. Орманның табиғи жолмен қалпына келуіне жәрдемдесу ағаш кесетін жерлерді өңдеу кезінде жас және өсіп келе жатқан құнды шаруашылық тұқымдарын сақтау, тұқымның өсуіне жағдай жасау

мақсатында топырақты ішінара өңдеу және кесілген жерлерді қоршау арқылы жүргізілетін болады.

Ағаш отырғызудың жыл сайынғы көлемі 2014 жылға қарай 54 мың га болады.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 112-1-бабына сәйкес жеке орман өсіруге мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады, ол:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантациялық өсіруге;

2) орман питомниктерін құруға және дамытуға бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалары жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері болып табылады. Бұл орайда жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жерлерінде де, мемлекеттік орман қоры жерлерінде де жүзеге асырылады.

Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантацияларын отырғызу мен өсіруге жұмсалатын шығыстарды өтеу (елу пайызға дейін);

2) жеке орман питомниктерін құру және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу (елу пайызға дейін) арқылы жүзеге асырылады.

Облыстар бөлінісінде жергілікті орындаушы органдардың қарамағындағы мемлекеттік орман қорының аумағында ағашты қалпына келтіру көлемі 2-кестеде көрсетілген.

2 - к е с т е

мың га

Облыс	Орманды молықтыру					
		2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Ақмола	барлығы	1,03	1,08	2,757	1,21	1,305
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,55	0,6	2,277	0,73	0,825
Ақтөбе	барлығы	0,61	0,812	0,812	0,812	0,812
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,61	0,812	0,812	0,812	0,812
Алматы	барлығы	3,5	3,647	4,011	4,09	4,17
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,82	0,916	1,18	1,18	1,18
Атырау	барлығы	0,06	0,27	0,21	0,215	0,215
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,06	0,06	0,06	0,065	0,065
Шығыс Қазақстан	барлығы	1,3	1,4	1,442	1,216	1,216
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,50	0,56	0,57	0,58	0,59

Жамбыл	барлығы	7,95	6,5	6,5	6,5	6,5
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	7,4	6,5	6,5	6,5	6,5
Батыс Қазақстан	барлығы	0,19	0,5	0,5	0,5	0,507
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,16	0,5	0,5	0,5	0,507
Қарағанды	барлығы	0,1	0,1	0,13	0,23	0,24
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,1	0,1	0,13	0,23	0,24
Қостанай	барлығы	1,3	1,63	1,9	2	2,5
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	1,25	1,33	1,38	1,45	1,55
Қызылорда	барлығы	15,55	20,768	23,16	15,86	13,06
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	15,55	18,960	21,16	13,66	10,66
оның ішінде: Арал теңізінің құрғап қалған түбіндегі жобалық аумақ	барлығы	8,5	14,288	14,5	5,0	-
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	8,5	14,28	14,5	5,0	-
Маңғыстау	барлығы	0,30	0,304	0,28	0,304	0,305
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,30	0,3	0,276	0,3	0,3
Павлодар	барлығы	0,12	0,518	0,123	0,122	0,124
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,12	0,018	0,023	0,022	0,024
Солтүстік Қазақстан	барлығы	0,60	0,785	0,845	0,885	0,925
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,30	0,3	0,36	0,4	0,44
Оңтүстік Қазақстан	барлығы	7,67	7,1	9,5	10,5	11,5
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	7,1	3,87	5,5	6,5	7,5
Барлығы:	барлығы	40,28	45,414	52,24	44,73	43,73
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	34,82	34,825	40,72	32,9	31,19

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер (бұдан әрі – МҰТП) және мемлекеттік табиғи орман резерваттарының (бұдан әрі – МТОР), Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығының және «Жасыл аймақ» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аумағында орманды молықтыру көлемі 3-кестеде көрсетілген.

3 - к е с т е

мың га

Атауы	Орманды молықтыру және ағаш өсіру					
	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	

Баянауыл МҰТП	барлығы	0,06	0,099	0,128	0,139	0,149
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,06	0,099	0,128	0,139	0,149
Іле Алатауы МҰТП	барлығы	0,05	0,05	0,05	0,09	0,09
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,05	0,05	0,05	0,09	0,09
Катон Қарағай МҰТП	барлығы	0,07	0,25	0,245	0,255	0,275
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,07	0,12	0,12	0,13	0,15
Қарқаралы МҰТП	барлығы	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
«Көкшетау» МҰТП	барлығы	0,12	0,248	0,248	0,268	0,268
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,12	0,178	0,178	0,198	0,198
«Семей орманы» МТОР	барлығы	2,3	2,601	3,11	4,134	5,1
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	2,3	2,601	3,11	4,134	3,6
оның ішінде жоба шеңберінде	барлығы	0,05	0,001	0,31	1,334	-
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,05	0,001	0,31	1,334	-
«Ертіс орманы» МТОР	барлығы	2,22	2,138	2,638	3,062	2,928
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	2,22	2,138	2,338	2,562	2,228
оның ішінде жоба шеңберінде	барлығы	0,05	0,011	0,11	0,334	0
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,05	0,011	0,11	0,334	0
«Көлсай көлдері» МҰТП	барлығы	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
Сайрам-Өгем МҰТП	барлығы	0,05	0,09	0,09	0,09	0,09
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,05	0,06	0,06	0,06	0,06
Жоңғар Алатауы МҰТП	барлығы	-	0,03	0,03	0,03	0,03
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	-	0,03	0,03	0,03	0,03
«Бурабай» МҰТП	барлығы	-	0,03	0,03	0,03	0,03
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	-	0,03	0,03	0,03	0,03
Сандықтау ОӨОШ	барлығы	0,02	0,026	0,026	0,026	0,026
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	0,02	0,016	0,016	0,016	0,016
Барлығы:	барлығы	4,92	5,592	6,625	8,154	9,016
	оның ішінде себу және отырғызу арқылы	4,92	5,352	6,09	7,419	6,581

«Жасыл аймақ» РМК	барлығы	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
-------------------	---------	-----	-----	-----	-----	-----

5.4. Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру

Ескерту. 5.4-кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912; 07.08.2013 N 804 қаулыларымен.

Табиғат қорғау міндеттерін шешу саласында шекаралас мемлекеттермен (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттердің экологиялық қауіпсіздігін сақтауға, оның ішінде су ресурстары бойынша трансшекаралық проблемаларды реттеуге бағытталған ынтымақтастық одан әрі дамытылады.

2014 жылға қарай екі жақты және көп жақты 4 келісімге қол қойылатын болады.

Қоршаған орта және табиғатты пайдалану сапасын тұрақты басқару тетіктерін әзірлеу үшін негіздері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көрініс тапқан Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды бірыңғай мемлекеттік мониторингілеу жүйесінің жұмыс істеуі мен оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету талап етіледі.

Бақылау пункттерінің саны 2014 жылға:
метеорологиялық станциялар – 287;
агromетeорологиялық бекеттер – 102;
гидрологиялық бекеттер – 303;
автоматты режимде жұмыс істейтін атмосфера ауасының жай-күйін – 48
құрайды.

Қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету бойынша ғылыми-зерттеулер мынадай бағыттарда:
қоршаған ортаны қорғау саласы;
бассейн аймақтарын зерделеу бойынша;
Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуі бойынша;
энергияны және жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдалану бойынша жүргізілетін болады.

Бұл бағдарлама шеңберінде іске асырылуы жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізбесі осы Бағдарламаға 2-қосымшада келтірілген.

6. Қажетті ресурстар

Ескерту. 6-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 912; 07.08.2013 N 804 қаулыларымен.

Бағдарламаны іске асыруға жалпы сомасы 176969,98 млн. теңге қаражат бөлу
к ө з д е л г е н :

оның ішінде республикалық бюджеттен - 108915,25 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы	-	18837,2	млн.	теңге;
2011 жылы	-	31926,6	млн.	теңге;
2012 жылы	-	25599,65	млн.	теңге;
2013 жылы	-	24486,05	млн.	теңге;
2014 жылы	-	8065,75	млн.	теңге

жергілікті бюджеттен - 47285,53 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы	-	7674,1	млн.	теңге;
2011 жылы	-	10076,33	млн.	теңге;
2012 жылы	-	10268,9	млн.	теңге;
2013 жылы	-	9847,5**	млн.	теңге;
2014 жылы	-	9418,7	млн.	теңге;

халықаралық гранттан 327,83 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы	-	68,0	млн.	теңге;
2011 жылы	-	100,3	млн.	теңге;
2012 жылы	-	86,1	млн.	теңге;
2013 жылы	-	73,43	млн.	теңге;

қарыз қаражатынан - 3187,9 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы	-	1010,8	млн.	теңге;
2011 жылы	-	1822,9*	млн.	теңге;
2012 жылы	-	192,8	млн.	теңге;
2013 жылы	-	161,4	млн.	теңге;

меншікті қаражаттан - 17253,5 млн. теңге, оның ішінде:

2010 жылы	-	1284,6	млн.	теңге;
2012 жылы	-	968,9	млн.	теңге;
2013 жылы	-	7500,0*	млн.	теңге;
2014 жылы	-	7500,0*	млн.	теңге.

Е с к е р т п е :

* - қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады;

** - қаржыландыру көлемі тиісті жылға арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. 2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.08.2013 N 804

қаулысымен.

Р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар млн. теңге)	Қаржыл көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. «Жасыл экономиканы» дамыту						
1.1. Таза технологияларды енгізу және ресурс үнемдеу жүйесін құру						
1.	Қазақстанның төмен көміртекті дамуы жөніндегі шаралар кешенін, сондай-ақ оны қамтамасыз ету үшін негізгі қағидаттар мен тетіктерін әзірлеу	ЭДСМ-ге ақпарат	Қоршағанортामині (жинақтау), ИЖТМ, МГМ	2011 жылғы 1 ақпан	2010 ж. - 40,0	
2.	Қоршаған ортаны ластаушы анағұрлым ірі өнеркәсіп кәсіпорындары үшін ең жақсы қол жетімді технологиялар негізінде нормалауға көшу бойынша шаралар кешенін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Қоршағанортамині (жинақтау), ИЖТМ, МГМ	2011 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмей,	
3.	Көміртегі бірліктері тізілімін жүргізу жөнінде бағдарламалық кешенді сатып алуды қамтамасыз ету және оны қолдау	ЭДСМ-ге ақпарат	Қоршағанортамині (жинақтау), ИЖТМ, МГМ	2011 жылғы 1 ақпан	2010 ж. - 45,0	
4.	Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлауына «жасыл даму» тетіктерін әзірлеуде және енгізуде әлеуетті арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Қоршағанортамині	2011 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмей,	
5.	Жаңартылатын энергия көздері саласында кадрларды даярлау жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	БҒМ	2012 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмей,	
6.	Шығарындыларды қысқарту үшін экономикалық ынталандыруды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортамині (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмей,	
7.	Экологиялық талаптар бойынша бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды қамтамасыз ететін ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды кәсіпорындарға енгізу үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортамині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмей,	

8.	Жылу электр станцияларының қазандық қондырғыларында отынның әр түрін жағу кезінде қоршаған ортаға эмиссияларға қойылатын заңды түрде белгіленген талаптарды сақтауға мемлекеттік бақылауды күшейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортामині (жинақтау), И Ж Т М, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, 1-тоқсан	талап етілмей,
9.	Ауылдық жерлерде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортамині (жинақтау), И Ж Т М, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2012 жылғы 4-тоқсан	талап етілмей,
10.	«Жасыл дамуды» ілгерлету және «Жасыл көпір» Астана бастамасын іске асыру үшін өңіраралық ынтымақтастықты күшейту бойынша ұсыныс енгізу (Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі қоршаған орта және даму министрлерінің 6-шы министрлік конференциясы шеңберінде)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортамині	2012 жылғы 1-тоқсан	талап етілмей,
11.	Инновациялық гранттарды ұсыну үшін инновациялық технологиялар алуға тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен өтінімдерді қарастырған кезде инновациялық гранттарды ұсынуды ең алдымен таза технологияны енгізуге бағытталған өтінімдер бойынша қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), Қоршағанортамині	тұрақты негізде	талап етілм
12.	Республиканың әр облысында бюджеттік саладағы әкімшілік ғимараттардың бір бөлігін жаңартылатын энергия көздерін қолданып жұмыс істейтін энергкокешеннен энергия үнемдеуге көшіру бойынша ұсыныстар енгізу	ИЖТМ-ге ақпарат	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, 4-тоқсан	талап етілм
13.	«Таза» технологияларды өндіруге арналған жабдықтарды өндіруге және әкелуге салықтық жеңілдіктерді ұсыну бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортамині (жинақтау), ИЖТМ, ЭБЖМ, Қаржымині	2013 жылғы 3-тоқсан	талап етілм
14.	Қазіргі құқықтық олқылықтарды жою бойынша парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген нормаларын нақтылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортамині (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, ИЖТМ, МГМ, СІМ, ККМ	2014 жылғы 4-тоқсан	талап етілм

15.	Экономика дамуының макроэкономикалық көрсеткіштеріне ішкі көміртегі нарығының ықпалына талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортaмині (жинақтау), ЭБЖМ	(2014 жылғы 2-тоқсан)	талап етілме
-----	---	---	-----------------------------------	-----------------------	--------------

1.2. Энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу бойынша шаралар қолдану

16.	Тұрғыны көп елді мекендерде қоғамдық көлікті және көлік ағынын басқарудың тиімді жүйелерін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортaмині (жинақтау), ПМ, К К М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы 1-тоқсан	талап етілме
17.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көмудің қолданыстағы полигондарында қоқысты биогазды ұстап қалу мен жою бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортaмині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2013 жылғы 1-тоқсан	талап етілме
18.	Құрамында сынабы бар энергияны үнемдеуші шамдарды кәдеге жарату бойынша ұйымдастырушылық, материалдық, техникалық, қаржылық шаралар кешенін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршағанортaмині (жинақтау), И Ж Т М , Қаржымині, АШМ , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы желтоқсан	талап етілме

